

Мемлекет нысаны



Дәріскер:
Заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Турсынкулова Динара Ахановна

Мемлекет нысаны деп мемлекеттік билікті ұйымдастыру мен оның құрылымын айтады. Мемлекет нысаны, яғни мемлекеттік биліктің құрылымы, оны ұйымдастыру мағынасы жағынан алып қарағанда әртүрлі аспектілер түрінде көрінеді.

бұл мемлекет пен басқарудың жоғарғы органдарын құру және ұйымдастырудың белгіленген тәртібі

бұл мемлекеттің аумақтық құрылысын жасаудың тәсілі, орталық регионалдық және жергілікті билік пен басқарулардың өзара қатынастарын белгілеудің тәртібі

бұл мемлекеттік (саяси) билікті жүзеге асырудың әдістері, амалдары мен жолдары.

МЕМЛЕКЕТ НЫСАНЫ

Саралау үшін негіз болатындар

БАСҚАРУ НЫСАНЫ

Монархия:
шексіз
абсолюттік;
шекті
конституциялық.

Республика:
-Президенттік
-Парламенттік

ҚҰРЫЛЫМ НЫСАНЫ

Унитарлық

Федерация

Конфедерация
(достастық)

САЯСИ РЕЖИМ ТҮРІ

Тоталитарлық

Авторитарлық

Демократиялық

МОНАРХИЯ

Монархия - мемлекеттің егеменді жоғары билігі бір адамның қолында өмір бойы болады және атадан балаға мұра (мирас) ретінде беріледі (өтіп отырады). Монарх (патша, король, перғауын (фараон), қаған, хан және тағы басқалар) ешкімнің алдында жауапты болмайды. Ол тек құдайдың алдында ғана жауапты.

Шексіз (абсолюттік) монархия. Бұл жерде монарх-мемлекеттің бірден бір жалғыз, ең жоғары органы. Монарх барлық биліктің үстінен тұрады, оның қолында заң шығару, заңды атқару, және сот билігі болады.

Шектеулі конституциялық немесе парламенттік монархия, басқарудың мұндай нысанында елдегі билік (өкімет) монарх пен басқа органдарға (мысалы, парламентке) бөлінген болып келеді.

Республика

Басқарудың бұл нысаны бойынша мемлекеттегі ең жоғары билік (өкімет) сайланбалы органдарға тиесілі болып келеді. Мұндай органдар белгілі бір мерзімге ғана сайланады және олар сайлаушылар алдында жауапты болады.

ПРЕЗИДЕНТТІК РЕСПУБЛИКА.

Басқарудың бұл нысанында президенттің жеке өзі парламенттің қатысуымен үкіметті құрады. Үкімет өзінің қызметтері бойынша президент алдында жауапты болады. Басқарудың мұндай нысаны қазіргі заманда Америка Құрама Штаттарында және Қазақстанда орын алған.

ПАРЛАМЕНТТІК РЕСПУБЛИКА.

Мұндай басқару нысаны бар елде парламент заң қабылдайтын ғана емес, сонымен бірге үкіметті бақылайтын да орган болып табылады. Мұндағы президент - мемлекет яғни ел басшысы, ол үкімет басшысы емес. Мұнда үкіметті партиялар құрады. Үкіметке премьер-министр жетекшілік етеді (басқарады) (премьер-министр лауазымы басқаша аталуы мүмкін).

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ НЫСАНЫ

Мемлекеттік құрылым - тұтастай мемлекет пен оның бөліктерінің белгілі түрдегі құқықтық қатынастарын сипаттайтын мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы болып табылады.

УНИТАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ


Унитарлық мемлекеттің ішкі аумақтық құрылымында басқа мемлекеттер болмайды. Осы мағынада унитарлық мемлекет біртұтас мемлекет деп аталады. Унитарлық мемлекет, әдетте тек әкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлінеді де, мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылымын құрайды.

Әкімшілік-аумақтық бөліктерге ерекше құқықтық мәртебе берілмейді. Мұндай мемлекетте бір ғана Конституция, бір ғана заң шығаратын жоғары орган, бір ғана жоғары басқару органы, біртұтас азаматтық болады.



КҮРДЕЛІ МЕМЛЕКЕТ

Күрделі мемлекет - мұндай мемлекеттердің құрамдас бөліктерінің белгілі бір дәрежеде дербестігі болады.



империя

конфедерация


федерация

достастық

бірлестіктер құрған
мемлекеттер

ФЕДЕРАЦИЯ

Күрделі одақтық мемлекет, оның құрамдас бөліктері мемлекеттік құрылымдар болып табылады. Олардың белгілі бір мөлшерлі шамада (дәрежеде) егемендігі болады. Федерациялық одақ децентрализациялау қағидатына негізделеді.



Конфедерация (достастық)

Ақиқатында өздерінің егемендігін толық көлемде сақтаған мемлекеттердің одақтастыққа біріккен түрі. Бұл бұрынғы одақтың толық ыдырауға немесе федерация болуға бет алғандағы өтпелі түрі.

Ерекшеліктері

Белгілі бір лайықты түрде жасалған келісім шарттар негізінде құрылады.

Конфедерация субъектілері өз еркінше достастықтан шығуға құқылы.

Конфедерацияға кірген мемлекеттердің егемендіктері өздерінде сақталады.

Конфедерацияның қарамағындағы шешетін мәселелер аясы шамалы ғана болады.

Қағида бойынша бірегей ақша айналымы болмайды.

Келісім шарт актілерінде көрсетілген мәселелер аясы шамалы ғана органдар құрылады.

Конфедерацияның тұрақты түрде істеп тұрған органдарының билік өкілеттіліктері болмайды.

Субъектілерінің адамдар, тауарлар, қызмет көрсетулер мен капиталдардың жүріп-тұруына кедендік және басқадай да шектеулерді қоюға құқығы бар.

Әскери құрамаларды іріктеп алу ісін субъектілердің өздері жүргізеді.

Одақтық өкімет актілерін тануды субъектілердің қабыл алмауға құқығы бар.

Субъектілерінің өкілді органдары арқылы құрылды.

Бюджеті субъектілердің ерікті түрдегі жарналық төлемдерінен қалыптастырылады.

Конфедерацияда одақтық азаматтық болмайды.

САЯСИ РЕЖИМ

Саяси режим дегеніміз- мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру әдістеренің жиынтығы. Саяси режимдердің түрлері

Демократиялық

Антидемократиялық

авторитарлық

Тоталитарлық

фашистік

Режимнің белгілері	Тоталитарлық жүйедегі көрінісі	Авторитарлық жүйедегі көрінісі	Либералдық жүйедегі көрінісі	Демократиялы қ жүйедегі көрінісі
Билікті атқарудың (іске асырудың) сипаты және ауқымы.	Жалпыға бірдей бақылаудың жоқтығы және зорлық- зомбылықтың өктемділігі.	Қоғам өмірінде билік тарапынан бақылауға алынбаған салалар пайда болады.	Бақылауға алынбаған салалардағы тәуелді емес топтармен өзара мәмілеге келуге тырысады және өзі қорытындылайды.	Басқару билігі заң бойынша сайланған азаматтар - өкілдер құзырымен атқарылады.
Басқару билігіне адамдардың көзқарасы.	Қоғамдық сананың басқару билігіне бағыныштылығы	Қоғамды басқару билігінен халық шеттеледі.	Қоғам билікке (өкіметке) ықпал етеді.	Нақты басқарушыларды, яғни, билеушілерді халық сайлайды.
Қоғамдық бірлестіктердің мәртебесі	Барлық құрылымдар талқандалып қиратылды.	Қоғамдағы бірлестіктерге кәсіпкерлік мемлекеттік емес сипат жағдайы болғанда ғана іс-әрекет етуге рұқсат беріледі.	Басқару билігіне ұмтылмайтын ұйымдардың бәріне рұқсат беріледі.	Қоғамдық ұйымдардың құрылымдары саяси биліктің негізгі тұғырына айналды.
Саяси мінез құлықтың мұраттық сипаты.	Өкімет билігі өте күдіретті болады. Барлығы билейді./ Жеке адамның ынтасы, күлшынысы бірдей, біркелкі болады.	Өкімет билігі құзыреттілікке негізделеді./ Жеке адам бойынсұну және құқықсыздық жағдайында болады.	Өкімет билігі адамгершілікке негізделеді./ Жеке адам белсенді, сыншыл, конформист, жауапсыздығы- мен сипатталады	Өкімет билігі заңды бұлжытпай орындауға негізделеді. /Жеке адамның іс-әрекеті заңды бұлжытпай орындауға негізделеді.